



Ерте жастағы жүктіліктің
алдын алу





**« БҮГІНДЕ БІР АНАНЫ
ТӘРБИЕЛЕГЕНІМІЗ - БІР
ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕГЕНІМІЗ»**

**ҚР президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев**



Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болған жүктілікті айтамыз. Бұл кезде қыз балада бойжеткен кезеңі-гормоналды ауысу кезеңі басталады. Бұрын ерте жүктілік жағдайы төмен отбасыларында болады деп есептелген, бірақ қазір бұл пікір өзгерді. Себебі тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен балалар жауапкершілікті сезінбейді.



Көпшілік ата-аналар балаларының сексуалды өмірлеріне араласқылары келмейді. Мұны бұқаралық құралдардан, интернеттен біледі деп ойлайды.



**Контрацепция құралдарын,
контрацепция жайлы
кітаптар алу жеткілікті емес,
ең бастысы балаға оларды
қолдануды әдетке айналдыру
маңызды. Сондықтан
қаламаған ерте жүктілік –
жыныстық тәрбиенің
жүргізілмегеннің нәтижесі.**

Ерте жүктіліктің қауіп-қатері

Жүктілік кезінде жүрек-қан тамыр жүйесіне, эндокриндік жүйеге және басқа да жүйелерге қосымша жүктеме түсетіні белгілі.

Ал бойжеткен кезінде әлі толық қалыптаспаған ағзаға одан да күшті жүктеме түседі. Сондықтан да ерте жаста жүкті болған қыздарда көбінесе плацента жеткіліксіздігі, ауыр анемия, ауыр ТОКСИКОЗ дамиды.





Статистикалық мәліметтер бойынша:

- Кәмелетке толмаған жастардың 40-60% ерте жыныстық қатынасқа түседі. Солардың ішінде 10% 14жасқа толмаған жасөспірімдер.



Статистика бойынша бойжеткен кезіндегі жүктіліктің 70 % абортпен, 15% түсікпен және тек 15% босанумен аяқталатыны белгілі. Осы 15% босанудың өзінде ана мен бала өлімінің қатері көп.



Ерте қаланбаған жүктіліктің себебі-отбасындағы жағдайға байланысты. Қазіргі заманда қыз балалардың жыныстық дамуы ерте жүреді, сондықтан да сексуалдық қалау да ерте дамиды. Ата-аналардың басты мақсаты-балаларды жыныстық өмірге психологиялық дайындау керек және де бұл әрекеттер балалар жыныстық өмір бастамай тұрып ерте жасалу керек.




Жүкті болған қыз балалар не істерін білмей күйзеліске беріледі. Жас әкелер әдетте шеттеніп, «өзің шеш» деп кетіп қалады. Өзін кінәлі сезінген қыз шеттенеді. Аборт жылғыз жол болып көрінеді. Ал аборт көптеген гинекологиялық ауруларға тіпті бедеулікке әкеледі. Аборттың алдын-алудың бір жолы-контрацепция.



Жасанды түсік деп – жүктілікті 22-ші аптаға дейін жасанды түрде үзуді айтамыз.


Қазіргі кезде жасанды түсікті әр адам өз қалауы бойынша 12 аптаға дейін жасай алады, ал уақыты одан көп болатын болса түсік жасау қиын және медициналық көрсеткіштер бойынша жасалынады.





Түсіктен кейінгі асқынулар

Бедеулік



**Жатыр мен жатыр мойны
қабырғасының зақымдануына
байланысты жүктілікті
көтереалмаушылық дамуы**



Қан кету

Түсік тастау қаупі

Мезгілінен бұрын босану



Плацентарлық жетіспеушілік




Ерте жүктіліктің қауіп-қатері
-Жас ана жүктілікті физикалық көтере
алмайды. Жас анада қиын таңдау
тұрады: аборт жасау немесе баланы
қалдырса өзін және нәрестені қауіп-
қатерге тігеді. Толық қалыптаспаған
организм жүктілікпен және босануды
көтере алмауы мүмкін, сондықтан
мерзіміне жетпеген нәресте немесе
ақауы бар нәресте туылуы мүмкін.




Келесісі ол –**психологиялық мәселе.** Жүкті екенін білген қыз оңашаланады, өзі үлкен мәселелерді шеше бастайды, яғни ерте есейеді.

Социалдық мәселе. Қазіргі қоғам ерте жүктілікке қарсы, көбіне сөгіп талқылайды. Қыз бала ата-анасына айтуға қорқады, босану үшін мектепті тастайды. Білімі жоқ болған соң дұрыс жұмысқа орналаса алмайды. Баланы және өзін бағу үшін жеңіл жүрісті өмір бастайды, көбісінде келесі жүктілік болады.




Ерте жүктіліктің алдын-алу жолдары


-ата-аналармен сенімді қарым-қатынас орнату, жиірек әңгімелесу, қаламаған жүктілікті болдырмау әдістерімен танысу.



-жыныстық тәрбие жайлы көбірек әдебиеттер оқу



-өзіне сұрақ қою осындай өмірге дайын ба? Баланы көтере алам ба? Оған дұрыс тәрбие бере аламын ба?



Оқыс оқиға.

2016 жылдың 3 қаңтарында Жамбыл облысы, Абай ауданына карасты Тұрар Рысқұлов елді мекенінде жол бойындағы дәретханада жаңа туылған нәресте табылды. Құзырлы органдардың баяндауынша тастанды нәресте- қыз жынысты, 3600,0 гр. Қазіргі таңда нәресте жағдайы қанағаттанарлық.





2016 жылдың 13 қаңтарында Жамбыл облысы Талас ауданына қарасты Ақкөл ауылында жол бойында жаңа туылған нәрестенің денесі табылды. Құзырлы органдардың хабарлауы бойынша нәрестені көлік терезесінен жол бойына тастап кеткен.